

FTAMP 03.61.91.

<https://doi.org/10.26577/JH.2021.v101.i2.03>Рэнчинсүвд 

Ішкі Моңғолия университеті, Қытай Халық Республикасы, Хохот қ.
e-mail: sovod0314@163.com

КЕҢІСТІКТІК ӨЗГЕРІС БАРЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ БИІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТІ (БАРКӨЛ ҚАЗАҚ АВТОНОМИЯЛЫҚ АУДАНЫ ДАЧАЙГУ АУЫЛЫНЫҢ НЕГІЗІНДЕ)

Мақалада қазақ халқының би өнері ғасырлар бойы қалыптасқан халықтық дәстүр екені және оның әлеуметтік қызметінің, сипатының маңызы туралы айтылған. Сонымен қатар дәстүрлі би өнеріне көшпелі өмір салтынан отырықшылыққа ауысу нәтижесінде би формаларының да кеңістіктік өзгеріске ұшырағаны туралы мәліметтер келтіреді. Ұлттық, дәстүрлі би өнерінің ғылыми тұрғыда талқылануы өте сирек кездеседі. Баркөл Қазақ автономиясында мекен ететін қазақтар би өнерін күні бүгінге дейін сақтап келе жатыр. Себебі Қытай мемлекетінде қоныстанған қазақтар ежелгі этникалық тайпалардың бірі болып табылады және де оларда ұзақ тарихы бар халық биі қалыптасқан. Қазақтың дәстүрлі халық билерінде жайылымдық мал шаруашылығы тұрмысымен сипатталатын әртүрлі билері бар. Би өнері түрлері халықтың тұрмыс-тіршілігі мен өмір сүру ортасы туралы да ақпарат беріп қоймай әлеуметтік маңызға да ие. Ол адамдар арасындағы қарым-қатынасты да сипаттайтын маңызды рөлге ие. Қазіргі уақытта көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын қазақтардың отырықшылыққа көшу процесінде дәстүрлі әлеуметтік кеңістіктегі өзгерістерге байланысты, қазақ халқының рухани мәдениетінде маңызды орын алатын дәстүрлі би мәдениеті де өзгерді.

Түйін сөздер: қазақ халық биі, кеңістіктік өзгеріс, әлеуметтік функция, көшпелі тұрмыс, отырықшылық.

Renqingsubude
Inner Mongolia University, China, Hohhot,
e-mail: sovod0314@163.com

Research on the social function of Kazakh Folk Dance in the process of spatial transformation (On the basis of Dachaigu village of Barkol Kazakh Autonomous District)

The article tells that the dance art of the Kazakh people is a centuries-old folk tradition and its social significance. It also provides information that dance forms have undergone spatial changes as a result of the transition from a nomadic lifestyle to a sedentary one. Scientific discussion of the national dance art is extremely rare. Kazakhs living in the Barkol Kazakh Autonomy still preserve the art of dance. Kazakhs are the older ethnic tribes in China and they have a long history of folk dances. Traditional Kazakh folk dances have different types of dances, which are characterized by the cultural life of pastoral livestock. Types of dance have not only social significance, but also information about the life and habitat of the population. It also plays an important role in describing relationships between people. Currently, due to unprecedented changes in the traditional social space in the process of resettlement of herders, there is a change in the traditional dance culture of the Kazakh ethnic group. Today, in the socio-cultural space of the Kazakh people, traditional folk dance has lost its former social status, but it is playing its role in a new form.

Key words: Kazakh folk dance, spatial change, social function, nomadic life, settlement.

Рэнчинсүвд
Университет Внутренней Монголии, Китай, г. Хух-Хото,
e-mail: sovod0314@163.com

О социальной функции казахского танца в процессе пространственных изменений (на основе села Дачайгу Казахского автономного округа Баркол)

В статье рассказывается о том, что танцевальное искусство казахского народа – это многовековая народная традиция и ее социальная значимость. Также приводит сведения о том, что формы танца претерпели пространственные изменения в результате перехода от кочевого образа жизни к оседлому. Научное обсуждение национального танцевального искусства встречается

крайне редко. Казахи, проживающие в Баркульской казахской автономии, до сих пор сохраняют искусство танца. Казахи являются одним из древнейших этнических племен в Китае, и казахские народные танцы имеют долгую историю. Традиционные казахские народные танцы имеют разные виды, которые характеризуются кочевой жизнью. Виды танца имеют не только социальную значимость, но и информацию о жизни и среде обитания населения. Он также играет важную роль в описании отношений между людьми. В настоящее время в связи с беспрецедентными изменениями традиционного социального пространства в процессе расселения скотоводов происходит изменение традиционной танцевальной культуры казахского народа. Сегодня в казахском социокультурном пространстве традиционный народный танец утратил свой прежний социальный статус, но играет свою роль в новой форме.

Ключевые слова: казахский народный танец, пространственное изменение, социальная функция, кочевой образ жизни, кочевой образ жизни, оседлость.

Кіріспе

Қазіргі уақытқа дейін қазақ әдебиетін, тарихын, фольклорын зерттеуде ғалымдар жүйелі нәтижелерге қол жеткізді. Қазақтың би өнері мен мәдениетін кейінгі кездегі өзгерістерге байланысты арнайы қарастырған болатын. Алдыңғы зерттеу еңбектерінде Су Бэйхай, Жакып Мырзахан, Хэ Синлянь және т.б. ғалымдар қазақтың тарихы мен мәдениетін зерттеу барысында қазақ халқының би өнері туралы да жазып өткен еді. Одан басқа «Қымыз биінің фольклорын зерттеу» (Жоу Цзынин, 2010), «Қазақтың Аюбидің жалпы жағдайы және мұрагері» (Юе Сяовэй, 2012), «Ұйғыр және қазақ биінің стильдері туралы салыстырмалы зерттеу» (Ян Цинь, 2014), «Шыңжаңдағы қазақтың аққу биінің бейнесін мәдени түрде түсіндіру» (Жэнь Хуйтин, 2014), «Қазақ би өнері және дала мәдениеті» (Дай Ху, 2011), «Қазақтың Қара жорға биінің тарихи мұрасы» (Се Вэньвэнь, 2014), «Қазақтың «Қара жорға биі»: антропологиялық зерттеу» (Чжан Цзяньцзюнь, 2015), «Қазақ халық биінің бүгіні мен ертеңі» (Т.О. Ізім, 2014) және т.б. нақты зерттеулер жүргізілді.

Материалдар мен әдістер

Жоғарыда көрсетілген зерттеулер әр түрлі мәліметтер келтірілгеніне қарамастан, олардың бәрі қазақтың ән және би өнерін зерттеуге арналған, би категорияларын және қазақ би өнерінің сақталу құндылығын анықтайды. Бұл зерттеу жұмыстары осы мақаланы қарастыруға, қазақтың дәстүрлі биі мен мәдени мұрасын зерттеудің теорияларын ашып көрсетуге көмектеседі.

Лун Мэнпэй, Сюй Эрчун би мәдениетін сахналық би өнері мен халықтық өзін-өзі сауықтыру қойылымдары деп екіге бөліп қарасты-

рады (Лун Мэнпэй, Сюй Эрчун, 2009). Қазақ халық биінің қоғамдық өмірдегі маңызы және әлеуметтік функциясы туралы зерттеулер көп емес. Сондықтан, бұл мақалада қазақтың халық биі мәдени антропология тұрғысынан үш тұрғыдан талданады. Біріншіден, осы зерттеу барысындағы далалық жұмыстардың нәтижелері туралы сипаттау. Екіншіден, далалық жұмыстардың материалдарын пайдаланып, отырықшылыққа көшу барысындағы өзгерістер мен қазақтың халық биінің қазіргі жағдайын сипаттау. Үшіншіден, қазақ халық билерінің қазіргі әлеуметтік кеңістіктегі негізгі функциялары мен маңызын нақтылау.

Нәтижелер мен талдаулар

Далалық пункттердің негізгі жағдайы

Баркөл – Хань династиясы кезінде Пу лэй деген ел болған және ол Батыс аймақтарындағы 36 елдің бірі болып саналған. Жергілікті қазақ халқы Баркөл деген ұғымды жолбарыстың алдыңғы табаны деп түсіндіреді. Тағы бір түсініктеме бойынша «Бар» мен «көл» екі сөздің тіркесуінен көл бар жер деп түсіндіреді. Сондай-ақ, Баркөл деген моңғолша жолбарыстың аяғы дегенді білдіретін омоним, ол топографияға байланысты аталған. Себебі Баркөл қазақ автономиялық ауданы жолбарыс тәрізді төбенің дәл алдында орналасқан (Синь цзян чжэн се вэнь ши бень вэй хуй, 2014:1). Алайда, осы уақытқа дейін Баркөл терминіне көптеген түсіндірулер болған, бірақ оның нақты қай ұлттың тіліне жататындығы белгісіз.

Баркөл Қазақ автономиялық ауданы Қытай Халық Республикасының Шыңжаң Ұйғыр автономиялы ауданының солтүстік-шығысында орналасқан, географиялық орналасуы бойынша, бойлығы 91°19' ~ 94°48', шығыс ендік

43°21' ~ 45°5'. Ол шығысында Иу ауданымен, оңтүстігінде Хами қаласымен, батысында Мури Қазақ автономиялық ауданымен, солтүстігінде Моңғолиямен шектеседі (Ба ли кунь ди фан чжи вэнь цзуан бень вэй хуй, 1993:40). 2013 жылғы статистикаға сәйкес, Баркөл Қазақ автономиялық ауданы 4 қалашық пен 8 ауыл-қыстауынан тұрады. Автордың далалық зерттеу учаскесі Дахэ қалашығының Дачайгү ауылында болған және ол ауданнан солтүстікке қарай 17 км жерде орналасқан.

Дачайгү болса Дахэ қалашығындағы жалғыз мал шаруашылығымен айналысатын ауыл. Жалпы ауданы 848 шаршы шақырым, оның ішінде 831.33 шаршы шақырым шөп шабындыққа арналған және малдың саны 34 мыңға жетеді. Дачайгү ауыл тұрғындары комитеті берген демографиялық статистикаға сәйкес (21.10.2018), Дачайгүда 452 үй және 1377 адам тұрады, олардың ішінде 16 үй және 44 адам хан ұлтына жатады, бұл жалпы халықтың 3% құрайды, 436 үй және 1333 адам қазақ ұлтына жатады, бұл жалпы халықтың 97% құрайды. Бұдан біз Дачайгүдің қазақтар мекендейтін мал шаруашылығымен айналысатын ауыл екенін біле аламыз. Бұл ауылда отырықшылыққа көшіру үшін 310 үй салған, ауыл тұрғынының тұрмыстық мәселелерін дұрыс шешу және өмір сүру сапасын жақсарту және малшылардың қауіпсіз өмір сүру жағдайларын қамтамасыз етеді. Бірақ екінші жағынан, отырықшылыққа көшу процесінде көшпелілердің ауылға қоныстануы қазақтардың дәстүрлі көшпелі өмір салтының үлкен өзгеріске ұшырағанын білдіреді. Дачайгү ауылындағы далалық жұмыс барысында мен, автор тіл үйрену, адамдардың қарым-қатынасын бақылау және сұхбаттар арқылы қазақ малшыларының тұрмыс-тіршілігі, экономикасы, білімі және дәстүрлі мәдениеті туралы көптеген құнды материалдар жинадым.

Қазақ халық биінің қазіргі жағдайы

Қытайдағы қазақ халқы туралы айтамын болсақ, адамдардың есіне ең алдымен фантастикалық домбыра мен әсем билері түседі. Фестивальдер мен түрлі мерекелік күндерде немесе бос уақыт болған соң, қазақтар уақыттарын көңілді өткізеді. Хэ Цзяньань «Адамдар өздерінің ең танымал өндірістік және өмірлік әрекеттерін өнер түрінде, әсіресе динамикалық сипаттамаларды білдіру үшін ең қолайлы би түрінде көрсетеді» (Хэ Цзяньань, 1993:40) деп айтты. Баркөлдегі далалық зерттеу жұмыстары бары-

сында автор сұхбат арқылы олардың халық билері – өмірлік еңбек, жануарларға еліктеу, халықтық әдет-ғұрыптар, мадақтау және басқа түрлері бар екенін білді. Дачайгүде сұхбат берген қазақ ата: «Өмірлік еңбек билеріне қой қырқу биі, домалақ киіздену биі, кемез биі жатады, ал жануарларға еліктеу билеріне аю биі, аққу биі, кара жорға және т.б. жатады» деді (12.10.2018). Сонымен қатар, тойында салтанатты «той билері» биленді, ал үлкен сахнада қайлбайл қыз деп аталатын мадақтау билері орындалды. Баркөл ауданындағы бұл билердің барлығы қазақтың тұрмысына байланысты және күнделікті тіршілігі барысында пайда болған. Уақыт өте келе, қазақ халық билерінің коннотациясы мен формасы да айтарлықтай өзгерді. Әсіресе, отырықшылыққа көшкеннен бастап дәстүрлі көшпелілер мәдениеті бұрын-соңды болмаған өзгеріске ұшырады. Әрине, соның ішінде қазақтың халық биі де бар.

Шыңжаң Ұйғыр автономиялы ауданында, 1980 жылдардан бастап малшыларды отырықшылыққа көшіру саясаты жүзеге аса бастады. Елді отырықшылыққа көшіру саясаты одан әрі нығайған сайын, жергілікті халыққа үлкен өзгерістер әкелді. Егер біз осы отырықшылыққа көшіру процесін модернизация деп қарастырсақ, модернизация кеңістіктік қайта құру процесі де болып табылады. Лефевр Анридың «Ғарыш өндірісі» (Лефевр Анри, 1991) атты еңбегінде кеңістік бос емес, бірақ белгілі бір мағынаға ие, кеңістік статикалық емес, өндіріс пен көбеюдің динамикалық процесі, сонымен бірге әлеуметтік қатынасты қайта құру және қоғамның сұранысының барысы. Осылайша кеңістікті қайта құру процесінде адамдар өткен өмірін өзгертіп, мүлдем басқа өмір сүреді. Себебі, кеңістік өзгерістердің әсері, сондықтан да ол адамдардың өмір сүру ортасын өзгертті. Яғни, мемлекет үй салып, малшыларды отырықшылыққа көшіргеннен кейін дәстүрлі өндіріс пен тұрмыс-салт та өзгерді. Дачайгү ауылындағы малшылар бірдей, олардың дәстүрлі көшпелі өмір сүру кеңістігі өзгеріп, киіз үйден кірпіш үйге айналды. Дачайгү ауылындағы қазақ малшыларын отырықшылыққа көшіргеннен бері көшпелі мал шаруашылығы, жартылай көшпелі мал шаруашылығы, фермерлік шаруашылық негізіндегі мал шаруашылығы дамытылды. Бұл олардың дәстүрлі көшпелі өмір салтына өзгерістер әкеліп қана қоймай, сонымен қатар олардың дәстүрлі мәдениеті мен әдет-ғұрпына да үлкен әсер етті.

Халық биі дегеніміз – халық арасында кең таралған және өзіндік ұлттық стилі мен жергілікті ерекшеліктері бар дәстүрлі би формасы. Сондықтан, осы мақалада қарастырылып отырған қазақ халық биінің қазіргі жағдайы дала жұмыстары барысында жиналған материалдардың жиынтығы болып табылады. Қазақтардың дәстүрлі көшпелі өміріндегі халық билеріне негізінен өмірлік еңбек билері, жануарларға еліктеу билері және салттық билері жатады. Бірақ, автор 2019 жылдың маусым айында Баркөлдегі қазақтардың үйлену тойына қатысу барысында, олардың халық биіне заманауи би элементтерінің қосылғанын атап көрсетеді. Біріншіден, музыкалық аспап өзгерген. Қазақтың ұлттық музыкалық аспаптары көптеген электроакустикалық аспаптарға айналған. Домбыра салттық сахнада пайда болды. Сондықтан онда қазіргі заманға сай және ұлттық сипатқа ие элементтер де бар. Екіншіден, би формасы өзгерген. Қазақтың дәстүрлі халық биі негізінен домбырамен жүреді, ал би формасы олардың өндірісі мен өмірімен тығыз байланысты. Алайда автор далалық зерттеулер барысында қазіргі Баркөл қазақтарының тойда көбінесе электронды аспап пайдаланып, ән айтып, ал басқалары заманауи би билейтініне көз жеткізген. Қазіргі кезде қазақтардың халық билері заманауи би және музыкалық мәдениетпен қиылысқанын көруге болады. Мысалы, Баркөлдегі қазақ тойларының бәрі екі күнге созылады. Бірінші күн мал батасы күні, негізінен құрметті ақсақалдар, көмек көрсететін туыстары мен достары келеді. Әдетте таңғы 9-да жиналып, алдымен шай ішіп болған соң мал батасы болады. Содан кейін ән шырқалып, көңілді би биленеді. Жігіттер далада мал сойып, кешке дейін ет дайындап болуы керек. Кеш батқан кезде көмектесіп жатқан туыстары мен достарына тамақ беріліп, олар әр түрлі әндер айтып, көңілді би билейді.

Екінші күн нағыз той болады. Қазір Баркөлдегі қазақ халқының тойында «көкпар» және «қыз қуу» сияқты ойын-сауық түрлері жоқ. Бірақ дәстүрлі көркем және мәдени ерекшеліктері бар билер әлі де бар. Тойда қонақтар ән айтып, бірге қуанып биледі. «Қара жорға биі» Шыңжаңдағы қазақтар арасында кең таралған және ең танымал халық билерінің бірі деп айтуға болады. Бұл биді әртүрлі мерекелерде, тойларда және мәдени шараларда көруге болады. «Қара жорға» биі қазақтың ұлттық ерекшеліктерін көрсете алады. Автор далалық жұмыс барысында үйлену тойында ақсақалдың «Аю биді» билеге шақырылғанының куәсі болды. «Аю би» –

қазақтардың жануарларға еліктеу билерінің бірі. Автор сұхбаттар алу барысында «Аю биінің» де әр түрлі формалары бар екенін білді. Бірақ қазір «Аю биінде» арнайы костюмдер жоқ, тек би қадамдары ғана сақталған.

«Кеңістік, билік және қоғам» (Хуан Ин гуй, 1995) кітабында кеңістіктің тәуелсіз екендігі және оның өзіне тән ішкі логикасы бар екендігі баса айтылған. Бірақ басқа әлеуметтік мәдени құбылыстармен немесе элементтермен бірге, әсіресе адамның қызметі ажырамас бөлігі болып табылады. Қазақ малшылары сияқты отырықшы болғаннан бері басқа этникалық мәдениеттердің ықпалына түскендіктен, олар біртіндеп жаңа өмір салтын қабылдады. Олардың өнерінде домбыра мен халық биі ғана емес, сондай-ақ заманауи ән мен би элементтері де орын алуда. Бүгінгі күні мерекелерде, банкеттерде және кештерде көптеген қазақтың халық әндері, танымал әндер, тіпті көрші этникалық топтардың классикалық әндері де орындалады, сондай-ақ дәстүрлі билерімен қатар, қос билердің және заманауи билердің көп түрлері биленеді. Сондықтан бүгінгі қазақтың халық билерін қайта білу арқылы олардың әлеуметтік және мәдени құбылыстарын қайта түсінуге болады.

Қазақ халық биінің әлеуметтік функциясы

Адамзат қоғамы мен тарихи кеңістіктегі кез келген мәдени форманың болуы, өзіндік мәдени тілдік ортасы мен әлеуметтік ортасында белгілі бір қажеттіліктері мен қоғамдық функциялары бар болғандықтан, XX ғасырдағы мәдени функция мектебінің өкілі Б. Малиновский (1884-1942) бір кездері «мәдениеттің болуы жеке тұлғаның негізгі физикалық, психологиялық және әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады» (Джерри Д. Мур, 2009:115) деп атап көрсетті. 80-ші жылдардан бастап қазақ малшылары отырықшы болғаннан, малшылар өміріне модернизация әсер етіп, олардың дәстүрлі мәдениетінде көптеген өзгерістер болды. Бірақ ән айту мен би билеудің көркемдік формасы жойылған жоқ, ол халық арасында тұрақты өміршендікке ие. Халық билері әр түрлі формада өзгеріп, көптеген жаңа би элементтерін бойына сіңіргенімен, олар әлі де қазақтың фестивальдарында, тойларында және той-томалақтарында таптырмас ойын-сауықтың бір түрі болып табылады. Себебі халық билерінде өзінің қалыптасқан әлеуметтік мәдениеті белгілі бір қатысу мәні мен әлеуметтік функциясы болуы керек.

Қазақтың дәстүрлі халық биінің тарихи, мәдени және көркемдік құндылығы бар, сондықтан ол қазақ қоғамында мәңгілікке сақталады.

Біріншіден, тарихи құндылық. Қазақтың халық биі қазақтардың қоғамдық өмірінен бастау алған, билері арқылы адамдардың эмоциясы мен ойларын жеткізетін болған. Мысал ретінде «Қымыз биін» алайық, мұнда: жылқыларды ұстау, жылқыларды байлау, жылқы сүтін сауу, жылқы сүтін қайнату және қымыз құю әрекеттерінде адамдардың сезімдері мен тілектері бейнеленген. Ол ежелден бері табиғатпен үйлесімді өмір сүретін қазақ халқының дәстүрлі мәдениетін көрсетеді. Осы билер арқылы біз жанама түрде қазақтың өндірісі, өмір салты, салт-дәстүрлері туралы біле аламыз. Сондықтан халық билері – қазақ тарихы мен дәстүрлі өнерді зерделеу үшін қымбат материалдар болып табылады.

Екіншіден, мәдени құндылық. Би – поэзия мен музыкадан гөрі эмоционалды өрнектің күшті түрі, ол адам эмоциясының ең шоғырланған және көрнекті көрінісі. Қазақ халық биінің мәдени психологиясындағы көрінісі ұлттық психологияны белгілі бір жағынан көрсетеді. Бұл жергілікті халықтың мәдени ерекшелігі мен бірлігін сақтау үшін өте маңызды. Қазақтардың көшпелі өмірінде оларды біріктіру үшін біртұтас күш қажет. Халық биі – біртұтастықты қалыптастырудың маңызды құралы. Қазақтың дәстүрлі халық биі өзінің ерекшелігі арқылы қазақ халқының өмірі мен рухани стилін айқын көрсетеді, ұлттың мәдени дәстүрін бейнелейді.

Үшіншіден, көркемдік құндылық. Қазақтың халық биі адамдарға көрнекі қанағат пен рухани ләззат беріп қана қоймайды, сонымен бірге орындаушылар мен көрермендер адам мен табиғат арасындағы үйлесімділіктің эмоционалды тәжірибесін ала алады.

Жоғарыда келтірілген талқылау қазақ халық биінің құндылығын түсіндіреді. Алайда, мал шаруашылығымен айналысатын қазақтардың әлеуметтік өмір сүру кеңістігінің өзгеруімен және модернизация үдерісінде күшті мәдениеттің енуімен, өзіндік Баркөл халық биі қатты әсер етті. Дала жұмыстары арқылы автор халық биі дәстүрлі халықтық билердің формасын сақтайтынын, сонымен қатар заманауи элементтері бар қос би және заманауи билердің бар екенін анықтады. Сонымен, бидің бұл жаңа түрін қабылдау бүгінгі қазақтардың әлеуметтік қажеттіліктері мен функцияларына байланысты болғандығын байқадық.

Автор қазақтың халық биінің келесідей негізгі әлеуметтік функциялары бар деп санайды.

Біріншіден, өнерде мәдениеттің бір түрі ретінде өзін бақытты ету және басқаларды қуанту функциясы бар. Басқаша айтқанда, қазақтың халық биі өзінің көркемдік құндылығын сақтайды. Ол тек қуанышты көңіл-күйді туындатып қана қоймай, адамдарға барлық уайымдарды ұмытып, ақыл-ойы мен денелерін босаңсытуға мүмкіндік береді.

Екіншіден, халық биі жеке басын тануды күшейту функциясын атқарады. **Баркөл** қазақтарының кез келген жиынында тарихи-мәдени құндылығы бар дәстүрлі халық билерінің жетіспеушілігі жоқ. Автор **Баркөлдегі** қазақ тойында олардың билеп жатқанын көргенде, үлкендердің балалардың айналасында билеуге бейім екенін байқады. Мұның себебі туралы Көрөмбай атаның (68 жаста) «балалардың айналасында билеу ережесі жоқ, бірақ балалардың ортасында билеу қауіпсіз, олар ересектер билейтін билерді көріп, үйренеді» деді (05.06.2019). Олар ән мен би іс-шараларын ұлттық тарихи жад пен өмірдің көрмесі ретінде қарастырады.

Үшіншіден, қазақтың халық биі – әлеуметтік қатынастардың маңызды тәсілі / әдісі, әлеуметтік қатынастарды жақсарту, жөндеу және растау функциясы бар. Адамдар би арқылы эмоционалды қарым-қатынас жасай алады. Қазақ малшыларының дәстүрлі көшпелі өмірін жылқылардан ажыратуға болмайтын сияқты: олардың өмірінде жылқылар маңызды рөл атқарады және кез келген адам жылқыларға батыл түрде мінеді. **Баркөл** қазақтары «Қара жорға» көргенде қазақ малшыларының дәстүрлі көшпелі өмірі жылқылармен ажырамас, олардың өмірінде маңызды рөл атқаратындығын сезіне алады. Қос би билегенде адамдар өздерінің отбасы, балалары және малы туралы сөйлесе алады. Сұхбатта Гүлжамал тәте (43 жаста): «Біз билеген кезде көп нәрсе туралы сөйлесеміз. Ұзақ уақыт көрмеген достарымен және туыстарымен мал және балалар туралы әңгімелесеміз. Би де бізді қуантады» деді (05.06.2019). Жастар үшін заманауи билер мен қос би олардың сезімдерін жақындата алады. Автор тойда билеуге шақырылған кезде, биді жақсы билеу маңызды емес екенін, би билеген кезде би серіктесі әр түрлі негізгі ақпаратты аты-жөні, жас және туған жер сияқты мәліметті сұрайтынын байқады. Басқаша айтқанда, тойлар мен кештердегі би адамдарды таныстыратын және достастыратын маңызды сәттердің бірі болып табылады.

Демек, қазақ халқының билері өзгеру үдерісінде де маңызды рөл атқарады. Адамдар би арқылы өзін бақытты сезініп, демалады, сонымен қатар олар

өздерінің дәстүрлі мәдениеттерін би арқылы мұраға қалдырып отыр. Ең бастысы – билеу арқылы жаңа ақпарат алып, ескі достармен әңгімелесіп, жаңа адамдармен, достармен танысады.

Қорытынды

Қорытындылай келе, қазақтың халық биі – бұл көшпелі мал шаруашылығы мен тұрмыс негізінде қалыптасқан өнер түрі. Баркөл қазақтары отырықшылыққа көшкеннен бастап дәстүрлі халық билеріне кеңістіктік өзгеріс әсер етеді. Бұл түрлендіру үдерісінде би формасының өзгеруі қоғамның қажеттіліктеріне тікелей байланысты. Бұрын қазақтар қымыз би іс-шараларын өткізіп, туыстары мен достарын бір-бірімен

ақпарат алмасуға және көршілер арасындағы қарым-қатынасты жақсартуға шақыратын болған. Ендігі уақытта қазақтар туыстары мен достарын мерекелер мен кештердегі кездесу кезінде, ал олармен қарым-қатынасын би билеу барысында жақсартуға тырысқанын байқадық. Дегенмен, адамдардың санына, сахна көлеміне қарамастан, олар әрқашан жас ерекшелігі мен гендерлік шекара секілді дәстүрлі әлеуметтік нормаларды ұстанады, өзара сыйластық пен үйлесімділік шеңберінде бір-бірімен жақсы қарым-қатынас орнатады. Сондықтан қазіргі қазақ қоғамы мен мәдениетіндегі халық билері ләззат алу, сәйкестендіруді күшейту, әлеуметтік қатынастарды жақсарту және қалпына келтіру сияқты маңызды қызметтерге ие.

Әдебиеттер

- 苏北海. (1989). 哈萨克族文化史. 新疆大学出版社.
贾合甫 米尔扎汗. (1989). 哈萨克族. 民族出版社.
何星亮. (2003). 新疆民族传统社会与文化. 商务印书馆.
周子宁. (2010). 克模孜毕(马奶酒舞)的民俗学研究. 上海师范大学.
岳晓玮. (2012). 哈萨克族模拟舞阿尤毕(熊舞)概况及传承—以吉木乃县为个案. 新疆师范大学.
杨芹. (2014). 维吾尔族与哈萨克族舞蹈风格比较研究. 东北师范大学.
任慧婷. (2014). 新疆哈萨克族舞蹈天鹅形象的文化阐释. 新疆师范大学.
戴虎. (2011). 哈萨克族舞蹈艺术与草原文化. 南京艺术学院学报(音乐与表演). 04.
谢雯雯, 古丽米娜·买买提. (2014). 哈萨克族“黑走马”舞蹈的历史传承. 新疆社会科学. 06.
张建军. (2015). 哈萨克族民间舞蹈“黑走马”的艺术人类学阐释. 伊犁师范学院学报. 01.
隆萌培, 徐尔充. (2009). 舞蹈艺术概论. 上海音乐出版社.
新疆政协文史编委会. (2014). 新疆名村名镇巴里坤圈. 新疆人民出版社. 01
巴里坤县地方志编纂委员会. (1993). 巴里坤县志. 新疆大学出版社. 40.
何健安. (1995). 中国民间舞蹈. 浙江教育出版社. 65.
黄应贵. (1995) 空间、力与社会. 中央研究院民族学研究所.
[美]杰里D. 穆尔. 欧阳敏、邹乔、王晶晶译. (2009). 人类学家的文化见解. 商务印书. 115.
Izim T.O. (2014). Қазақ халық биінің бүгінгі мен ертеңі // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – №4-5. – 150-151 б.
Henri Lefebvre. (1991). The Production of Space. Printed in Great Britain by T.J. Press Ltd, Padstow, Cornwall.

References

- Su Beihai (1989). Ha sa ke zu wen hua shi [History of Kazakh Culture]. Urimji, Xinjiang University Press.
Jiahepu Mierzahan (1989). Ha sa ke [Kazakh]. Beijing, The Ethnic Publish House.
He Xinliang (2003). Xinjiang min zu chuan tong she hui yu wen hua [Xinjiang Traditional Society and Culture]. Beijing, The Commercial Press.
Zhou Zining (2010). Ke mo zi bi (ma nai jiu wu) de min zu xue yan jiu [Folklore Study of Ke Mo Zi Bi (Horse milk drink dance)]. Shanghai, Shanghai Normal University.
Yue Xiaowei (2012). Ha sa ke mo ni wu a you bi (xiong wu) gai kuang ji chuan cheng [The General Situation and Inheritance of the Kazak Ethnic Dance Ayoubi (Bear Dance)]. Urimji, Xinjiang Normal University.
Yang Qin (2014). Wei wu er zu yu ha sa ke zu wu dao feng ge bi jiao yan jiu [A Comparative Study on the Dance Styles of Uyghur and Kazak]. Changchun, Northeast Normal University.
Ren Huiting (2014). Xinjiang ha sa ke zu wu dao tian e xing xiang de wen hua chan shi [Cultural Interpretation of the Image of Kazakh Dance Swan in Xinjiang]. Urimji, Xinjiang Normal University.
Dai Hu (2011). Ha sa ke zu wu dao yi shu yu cao yuan wen hua [Kazakh Dance Art and Grassland Culture]. Nanjing, Nanjing Arts Institute.
Xie Wenwen, Gu limina. M., (2014). Ha sa ke zu “Hei zou ma” wu dao de li shi chuan cheng [The Historical Inheritance of the «Hei zou ma» Dance of the Kazak]. Urimji, Xinjiang Social Sciences, №06.
Zhang Jianjun (2015). Ha sa ke zu min jian “Hei zou ma” de yi shu ren lei xue chan shi [An Artistic Anthropological Interpretation of the Kazak Folk Dance «Hei zou ma»]. Yili, Journal of Yili Normal University, №01.

Long Mengpei, Xu Erchong (2009). Wu dao yi shu gai lun [Introduction to Dance Art]. Shanghai, Shanghai Music Publishing House.

Xinjiang zheng xie wen shi bian wei hui (2014). Xinjiang ming cun ming zhen ba li kun juan [Famous villages in Balikun of Xinjiang]. Urumji, Xinjiang People's Press.

Ba li kun xian di fang bian zuan wei yuan hui (1993). Ba li kun xian zhi [Local Records of Balikun County]. Urumji, Xinjiang University Press.

He Jianan (1995). Zhong guo min jian wu dao [Chinese folk dance]. Zhejiang, Zhejiang Education Publishing House.

Huang Yinggui (1995). Kong jian, li yu she hui [Space, power and society]. Taiwan, Institute of Ethnology, Academia Sinica.

Jerry D. Moore, Translated by Ouyang Min, Zou Qiao and Wang Jingjing (2009). Ren lei xue jia de wen hua jian jie [Anthropologist's cultural insights]. Beijing, The Commercial Press.

Izim T.O (2014). Qazaq xaliq binin bugini men erteni [Today and tomorrow of Kazakh folk dance]. Almaty, KazUY Habarshusy, Filologiya seriyasy. №4 (5).

Henri Lefebvre (1991). The Production of Space. Great Britain, T.J. Press Ltd, Padstow, Cornwall.